



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№29 (669)
16 ШІЛДЕ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

«Өнер – ұлттың жаны, қоғамның айнасы» деген қанатты сөзді жиі естиміз. Алайда сол айнадан бүгін бізге кім қарап тұр? Көйінгі кездері елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнама күшейіп, қоғамда әйел құқығы, жеке шекара, келісім мәдениеті туралы ашық талқылаулар белең ала бастады. Бірақ заңда жазылған баптар мен көшедегі қоғамдық белсенділікке мүлде қарама-қайшы әрекет ететін, сананы улауға бейім тағы бір параллель әлем бар. Ол – танымал мәдениет, шоу-бизнес және әлеуметтік желідегі контент.

КӨПТІ КҮЛДІРГЕН КОНТЕНТ ҚЫЛМЫСТЫ ҚАЛЫПТЫ ЕТТІ МЕ?

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан әйелдер мен балаларды қорғауға бағытталған жүйелі реформалар қабылданып жатқанымен, медиа кеңістік бұл өзгерістерге ілесе алмай, керісінше, қоғамды артқа тартатын ескішіл стереотиптерді насихаттауын тоқтатар емес. Бұл қайшылық әсіресе жеңіл әуендер мен коммерциялық кино индустриясында байқалады.

Жақында ғана қазақ эстрадасының өкілі Әділет Жауғашардың «Сүй, иә» атты жаңа әні жарыққа шықты. Жеңіл ырғақ, жазғы көңіл-күй мен тартымды әуенмен жеткізілетін бұл туындының қайырмасындағы мына бір жолдар бірден қоғамның назарын аударып, қызу талқыға түсті.

«Сұлудың «жөк» дегені – «иә»,
Жөк деуге келтірмеші сия».

Суреттер ЖИ арқылы жасалған

3

Назгүл СӘКЕНОВА:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ

Адамзаттың әрбір үлкен жетістігінің түп-төркіні ғылымнан бастау алады. Бүгінгі жайлы өмір, заманауи медицина, озық технология – бәрі де бір кезде бір зертхананың тыныштығында туған идеяның жемісі. Сондықтан ғылымға қызмет ету – бір мамандықты ғана емес, адамзаттың ертеңіне қызмет етуді таңдау деген сөз. Осындай жауапкершілігі зор жолды таңдаған қазақстандық жас ғалымдардың бірі – Назгүл Сәкенова. Оның ғылымдағы ізденісі, әлемдік деңгейдегі тәжірибесі, өмірлік ұстанымы мен болашаққа деген көзқарасы жайлы сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.

– Көпшілік ғылымды зертханамен ғана байланыстырады. Ал сіз ғылымның адам өмірін өзгертетін күш екенін қалай түсіндіңіз?

– Менде ғылымға деген қызығушылық бастауыш мектептен басталды. Сол уақытта Жансүгіров ауылындағы Сәтбаев мектебінде оқитынмын. Ұстазым Г.Сүлейменқызы бізге табиғатқа деген қызығушылықты сурет, әдебиет, ән арқылы оятатын. Негізі ғылымның өмірімізге қаншалықты әсерлі күш екенін мен тек уақыт өте келе түсіндім. Қазір біз күнделікті пайдаланып жүрген электр тоғы да, телефоньмыз да, медицина диагностикасы да, дәрі-дәрмек те, барлығы өткен ғасырларда өмір сүрген ғалымдардың еңбегінің жемісі. Ал бүгінгі біз атқарып жатқан зерттеулер келесі буынның өміріне әсер етіп, жаңа өзгерістер әкеледі деп сенемін. Сондықтан ғылым тек зертхана емес, ол бүкіл қоғамның дамуын айқындайтын қуатты күш.

4-BETTE

Суреттер ашық дереккөзден алынды

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛЫРЕГЕНІ...

Қазақстанда мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны пайдалану қағидаларына бірқатар өзгеріс енгізілді. Үкімет қабылдаған жаңа қаулы мемлекеттік рәміздерді қолдану тәртібін нақтылап, азаматтардың Туды күнделікті өмірде пайдалану мүмкіндігін кеңейтті. Құжатқа Премьер-министр қол қойып, өзгерістер 13 шілдеден бастап күшіне енді.

Жаңартылған қағидаға сәйкес, енді мемлекеттік Туды мемлекеттік мекемелермен қатар тұрғын үйлерге, жеке үй-жайларға және көпқабатты тұрғын үйлердің балқондарына 45° бұрышпен орналастыруға рұқсат етіледі. Бұл өзгеріс азаматтардың патриоттық сезімін білдіруіне және мемлекеттік рәмізді кеңінен қолдануына жағдай жасауға бағытталған.

Сонымен бірге Туды орналастыру кезінде сақталуы тиіс талаптар да нақтыланды. Жеке тұрғын үйлерде мемлекеттік Ту жерден кемінде үш метр биіктікте

орнатылуы қажет. Бұған дейін міндетті болып келген түнгі уақытта Туды арнайы жарықтандыру талабы жаңа редакцияда алынып тасталды. Бұл талаптың күшін жою азаматтарға Туды орнатуды жеңілдетеді.

5

Жалын

Өтудесің, өтесің замандарым,
Құпиям көп ұқпаған, түсінбеген.
Әкем менің жек көрген адамдарын
«Жалыны жоқ сорлы» деп мүсіркеген.

Алдан іңкәр үміттің жолын көрем,
Жолын көрем,
Жанымнан жалын көрем.
Мүсіркепте тағдырым мені ешкімге,
Мүсіркеген адамның қолында өлем.

Ғасырына өң берген,
Ерлер аз ба шапағатын ел көрген,
Жас шағында-ақ заманының заңғар ойын меңгерген.
Керісінше, сақал-шашын күнге азартқан қарттар бар,
Жасы жүзге келгенмен.

Даңғы шырқау ел рухын айқындайтын деңгейдің,
Жас кезінде жалыны жоқ жігіттің,
Жас кезінде дарыны жоқ жігіттің
Ертең ерлік жасарына сенбеймін.

Иә, жастық шақ бола алмайды ешқашанда жарлы
ұғым,
Аюу керек
Жастық отын ерте өшіріп алғандардың барлығын!

Мұхтар ШАХАНОВ

ӘР КОСТЮМ — ШЕБЕРДІҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Тігінің тілін табу – көптің қолынан келе бермейтін өнер. Ал заманның көшіне ілесіп, жаңа дүниені жарқырата ұсыну нағыз шеберлікті талап етеді. Біз айтатын бүгінгі кейіпкердің тапсырысқа тиянақтылығы, өзгеге ұқсамайтын еңбекқорлығы сізді де таңқалдырмай қоймасы анық. Ендеше Әселхан Дүйсенбекқызының шағын шеберханада жасайтын шаруасын егжей-тегжей баяндайық.

Бүгінде балаларға арналған кез келген іс-шара аниматордың көмегінсіз өтпейтіні белгілі. Бүлдіршіндердің көңіл-күйін көтеріп, түрлі эмоция сыйлайтын бұл кейіпкерлердің киімін даярлау да онай жұмыс емес.

7



ТЕҢІЗ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАЙЛЫ...

8

Басы 1-бетте

Бұл бір қарағанда махаббат туралы жеңіл ән, қыз қылығын сипаттайтын романтикалық туынды сияқты көрінгенімен, оның астарында өте қауіпті, қоғамда ондаған жыл бойы тамыр жайып, әйел тағдырын тәлкекке салған абыюзивті көзқарастың көрінісі жатыр. Қыздың бас тартуын, қарсылығын, өз еркін белгілеуін елемеуге шақыратын бұл жолдар бүгіннің ғана емес, біздің медиадағы жүйелі патриархалдық мизогиния мен зорлықты қалыпты көрсету үрдісінің айғағы деуге болады.

Қазіргі заманғы психология мен әлеуметтану ғылымында «келісім мәдениеті» деген маңызды ұғым бар. Ол кез келген қарым-қатынаста екі тараптың да ерікті, анық және ешқандай қысымсыз берген келісімі ғана заңды әрі этикалық тұрғыдан дұрыс екенін білдіреді. «Жоқ» деген сөз кез келген жағдайда үзілді-кесілді бас тартуды білдіруі тиіс. Ал «сүлудың «жоқ» дегені – «иә»» деген түсінік – зорлық-зомбылық мәдениетін тарататын мифтердің бірі. Ол ер адамға қыздың шекарасын бұзуға, оның жеке еркімен санаспауға моральдық тұрғыдан рұқсат береді.

Онымен қатар, әлеуметтік желілер мен той-жындарда қыз алып қашуды әдет-ғұрып ретінде дәріптейтін әндердің саны азаыр емес. Керісінше, олар трендке айналып, миллиондаған қаралым жинауда. Мәселен, Ұланғасыр Қамидің «Алып қашамын» атты әнінде қызды еркінен тыс ұрлап әкетіп, үйге келін қылып түсіру ашық айтылады.

«Алып қашам, мейлі, олай қалама, Келін қылам сені қалай да анама». Мұндағы «мейлі, олай қалама» деген сөз тіркесі – адамның құқығы мен бостандығын аяқасты етудің көрінісі. Әнші қыздың қалауын мүлде елемейтінін, оны тек «анасына келін етіп әкелетін зат» ретінде көретінін ашық білдіреді.

Жасұлан Зейноллаһның «Алып қашам» деген әнінде де мәтін ұқсас мағынада жазылған. Мұнда автор қыздың және оның отбасының қарсылығына қарамастан, оны күштеп алып кететінін мақтанышпен жеткізеді.

«Әке-шешен, бауырың көнбесе егер, Бергілері ауылға келмесе егер, Бүгін кешке келемін, кездескенше, Алып қашам мен сені, бермесе егер».

Ал BekSharip-тің «Алур qashamuy» әнінде stalking, яғни қыздың соңына түсіп анду, оның сезіміне қарамастан өзіндік қылу идеясы дәріптеледі.

«Сұлуым ендеше, жүрегің көнбесе Біліп жүрші бір күні Сені гүлім алып қашамын».

Аталған әндер – мәселенің бергі жағы ғана. Одан бөлек қаншама ән күнделікті тойда қойылып, жұртты биге салып жатыр. Алайда бұл – қылмыстық әрекетті жүйелі түрде насихаттау деп айта аламыз.

Музыкатанушы Молдияр Ергебеков бұл құбылыстың қауіпін былай түсіндіреді:

– Алып қашу туралы әндер адам құқығына қайшы келетін зорлық-зомбылық іс-әрекетін қалыпты іске айналдырады. Бұл әндер алып қашуды романтизациялайды. Осылай албырт, бейкүнә, романтикалық етіп көрсетіп, адамдардың санасында зиянды идеология қалыптастырады. Сондықтан бұл – қоғам үшін өте қауіпті құбылыс.

Музыка–адамның ішкі сезіміне, бейсаналық деңгейіне әсер ететін ең қуатты құрал. Егер жас буын күнделікті өмірде, қуанышты сәттерде осындай мәтін бар әндерге билеп өсетін болса, олардың санасында «қызды күштеп алып қашу – ерлік пен махаббаттың көрінісі» деген бұрмаланған түсінік ұялайды.

ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

Халықаралық деңгейде ЮНЕСКО 1978 жылы қабылдаған декларациясында зорлық-зомбылыққа шақырмау, нәсілшілдік пен кемсітушілікке қарсы түру туралы нақты баптарды бекіткен. 2001 жылы бұл құжат кеңейтіліп, оған гендерлік теңдік пен әйел құқықтарын қорғау мәселелері де енгізілді. Қазақстан ЮНЕСКО мен Біріккен Ұлттар Ұйымының белсенді мүшесі ретінде бұл декларацияларды орындауға міндетті.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, Қазақстанда қыз алып қашуды «салт-дәстүр» ретінде ақтау кезеңі артта қалды. Елімізде заңнама айтарлықтай қатандатылды. Бірақ қыздың еркін бағаламай, алып қашу әлі де бар жайт.

2025 жылдың қыркүйек айынан бастап Қылмыстық кодекске жаңа 125-1-бап – «Неке қиюға мәжбүрлеу» енгізілді. Бұл бап бойынша қалайдығы ұрлауға және некеге мәжбүрлеуге қатысты жауапкершілік бірнеше есе күшейді. Мұнда адамды неке қиюға мәжбүрлегені үшін 2000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Егер бұл әрекет күш қолдану, қорқыту немесе кәмелетке толмағандарды тарту арқылы, сондай-ақ бір топ адаммен жасалса –

КӨПТІ КҮЛДІРГЕН КОНТЕНТ ҚЫЛМЫСТЫ ҚАЛЫПТЫ ЕТТІ МЕ?



Сурет ашық дереккөзден алынды

3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Егер бұл қылмыс жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірсе немесе өліміне әкеп соқса – 5 жылдан 10 жылға дейін түрме жазасы беріледі.

Ең маңызды өзгеріс – бұрынғы Қылмыстық кодекстің 125 бабы жалпы адам ұрлау бабындағы жәбірленушіні өз еркімен босатқан жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы ескерту енді некеге мәжбүрлеу қылмысына қатысты қолданылмайды. Яғни, тараптардың татуласуы немесе қызды үйіне қайтару қылмыскерді жауапкершіліктен босатпайды. Заң бойынша бұл әрекет – дәстүр емес, ауыр қылмыс. Бірақ оның өзінде заң күшке енгенімен, іске асыру халық мойнында.

– Жаңа өзгерістер күшіне енген сәттен бастап ішкі істер органдарының бөліністері Қарағанды, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан облыстарында және Шымкентте неке қиюға мәжбүрлеу деректері бойынша жеті қылмыстық іс қозғаған. Жүргізілген шаралар нәтижесінде 15 адам ұсталған, – делінген ПМ-нің бытырғы хабарламасында.

КИНО ЖӘНЕ ПАТРИАРХАЛДЫ КӨЗҚАРАС

Қазақстандық коммерциялық кино индустриясында да жағдай күрделі. Жыл сайын жарық көретін ондаған комедиялық фильмдердің басты сюжеттік желісі көбіне «қызды алып қашу», «еріксіз тұрмысқа беру» немесе «әйелін тәрбиелеу» тақырыптарының төңірегінде өрбиді.

Көптеген комедияда қызды келісімсіз алып қашып, соңынан қыздың сол отбасында «бақытты» болғаны суреттеледі. Бұл – заң жүзінде қылмыс деп танылатын әрекетті романтикалық оқиға ретінде көрсету. Көрерменге «алғашында қарсы болғанымен, кейін үйреніп, бақытты болады» деген жалған иллюзия ұсынылады.

Мәселен, «Қашан туасың» сериалында күйеуінің әйелінің көзіне шөп салғаны туралы айтылады. Мұндай оқиғалар шын өмірде де болады, оны жоққа шығара алмаймыз. Бірақ отандық сериалдардың көбінде бұған жалғыз шешім ретінде – әйелдің үнсіз кешіріп, әрі қарай бір шаңырақ астында тұра беруін қалыпты деп көрсетеді. Өкінішке қарай, мұндай туындылар өте көп. Бұл туралы 2025 жылы Мұрат Әбеннов те өз пікірін білдірген еді.

– Біз мемлекеттік саясат пен кейбір телехикаялар мен бағдарламалардың мазмұны арасында үлкен қайшылық бар екенін көріп отырмыз. Жақында ұлттық арналардың бірінде көрсетілген телехикаяда: «Келіспесен – алып қашамын», «Мені де алып қашқан, ештеңе болған жоқ» деген сөздер айтылды. Сонда олар біз мемлекет болып күресіп жатқан кеселді ақтап, қалыпты жағдай ретінде көрсетіп отырғандай әсер қалдырады. Мұндай жағдайларды назардан тыс қалдыруға болмайды, – деді ол.

Бұл мәселе әсіресе жастар арасында аландаушылық тудыруда. Кейінгі кездері қазақша медиада бұл тақырып жиі қозғалады. Жастардың өздері бұл мәселеге қалай қарайды? Олардың пікіріне құлақ түріп көрейік.

Шапағат, 19 жас:

– Мен отандық туындыларды жиі көремін. Солардың бірі – «Няня» сериалы. Туындының басты кейіпкері – бір баланың анасы. Басында отбасының өмірі қалыпты болғанымен, уақыт өте келе күйеуі әйеліне қол көтере бастайды. Ақырында әйел шарасыздықтан баласын алып, үйден кетуге мәжбүр болады. Қазақстандық киноларда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін көтеретін туындылар аз емес.

Дегенмен мұндай көріністерді жай ғана көрсету жеткіліксіз. Көрерменге оның қылмыс екенін, ауыр құқықтық әрі психологиялық салдары бар екенін және ешқашан қалыпты жағдай ретінде қабылданбауы керектігін анық жеткізу маңызды.

Еламан, 23 жас:

– Мен отандық сериалдардың ішінде «Келінжанды» жиі тамашалаймын. Бұл туындыда қазақы отбасының тыныс-тіршілігі, ене мен келіннің қарым-қатынасы, отбасындағы түрлі келіспеушіліктер шынайы көрініс табады. Бірақ кей бөлімдерде әйелдің пікірі еленбей, оған психологиялық қысым көрсету немесе оған кінә арту қалыпты жағдай сияқты суреттелетін тұстар кездеседі. Мұндай көріністер көрерменге әзіл немесе тұрмыстық жеңіл жағдай ретінде ұсынылғанымен, олардың астарында гендерлік теңсіздік пен психологиялық зардап жатыр. Туындыны көргеннен кейін көрерменде «басыңа жазылған тағдыр болады, шыдауың керек» деген сезім қалады. Медиа мұндай әрекеттердің дұрыс еместігін де анық көрсетуі қажет.



Сурет ашық дереккөзден алынды

Ақбота, 20 жас:

– Қазақ киносын жиі көремін. Бірақ кейде оқиға бір сюжет бойынша дамитыны ұнамайды. Бәрінде «әйел кеііру қажет, үйде отыруы керек, оған қол көтерсе, өзі кінәлі» деген пайым беретіндей. Мәселен «Күлпаш» сериалында әйелі сұйық май алғаны үшін күйеуі оны ұрады, сондай-ақ кейіпкерлердің репликасында «су сатып алғаным үшін ұрды», «Жәміля бәленің бәрін бастайтын сен ғой», «Таң атпай көңіл-күйді құртпашы», «Мойындайыншы, өзімнен бар ғой» деген секілді зорлық-зомбылықты ақтайтын диалогтар көп. Ер азаматтың әйелді ұруға еш құқығы жоқ. Ал бізде мұны қалыпты етіп көрсетеді.

Дегенмен, отандық кинода бұл қалыпты жағдайға қарсы тұратын, шындықтың бетін ашатын сапалы авторлық туындылар да бар. Соның бірі – Асқар Ұзабаевтың «Бақыт» фильмі. Бұл туынды – Қазақстан қоғамындағы шегі көрінбейтін тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ащы да шынайы драмасы.

Фильмде тұрмыстық зорлықтың тек физикалық соққы ғана емес, сонымен қатар ішкі мизогиния арқылы да жүзеге асатыны көрсетіледі. Басты кейіпкердің анасы қызына «шыда, қайтып келме» деп ақыл айтса, қызы анасын «мені күйеуімнің туыстарының алдында маскара еттің» деп айыптайды. Бұл –

қоғамдағы әйелдердің өздері де байқаусызда патриархалдық қатыгездіктің құралына айнала-тынын көрсететін терең психологиялық талдау.

Фильм басқалардан шынайылығымен ерекшеленеді. Сценарий авторы Әсем Жәнішова туындының мақсатын былай түсіндіреді:

– Фильмде көрсетілген оқиғаның барлығы жүз пайыз ойдан құрастырылған. Бірақ менің зерттеулерім сценарийге арқау болды. Ең маңыздысы осы болды деп ойлаймын. Ол шынайылықты көрсетті. Егер біз бірін-бірі ұрып жатқан жасанды кейіпкерлерді көрсетіп: «Бұлай жасауға болмайды!» десек, ол өтірік болар еді. Бұл жерде бізге зорлық-зомбылыққа әйелдердің де қатысатынын көрсету маңызды болды. Фильмде басты кейіпкердің әпкесі бар. Ол да зорлық-зомбылыққа атсалысады. Анасы қабылдамайтын қыз бар. Бұл – үлкен психологиялық жараның жиынтығы, – деді ол.

Өкінішке қарай, мұндай терең мағыналы, трагедияны ашып көрсететін фильмдерді көретін аудитория шектеулі, ал жеңіл-желпі, зорлық пен кемсітуді қалыпты ететін коммерциялық комедиялар миллиондаған қассалық табыс тауып, жаппай көрерменнің санасын улауын жалғастырып жатыр.

СТАТИСТИКА КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

Біз медиадағы жеңіл сөздер мен роликтерге күліп қарағанымызбен, ресми статистика қоғамдағы жағдайдың өте қорқынышты екенін дәлелдейді. «Gender.stat.gov»-тың 2024 жылғы мәліметіне сәйкес, әйелдерге қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғаларының саны жыл сайын 50 мыңнан асады. Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша жыл сайын 300-ге жуық әйел ауыр зардап шегіп, кемінде 80 әйел өз жақындарының қолынан қаза табады. Ресми органдардың хабарлауынша, полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жыл сайын 100 мыңнан астам хабарлама түседі.

Әсіресе, stalking пен қудалау мәселесі қоғамда өте өткір тұр. Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділовтің мәліметінше, 2026 жылдың басынан бері 5 ай ішінде stalking және отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтар бойынша 41 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның 11 мыңнан астамы әкімшілік қамауға алынды.

Сонымен қатар, stalking бойынша 274 қылмыстық іс қозғалып, оның 83-і сотқа жолданды және 59 тұлға сотталды. Ал некеге мәжбүрлеу фактілері бойынша 12 қылмыстық іс сот қарауына жіберілді.


Медиада «қыздың «жоқ» дегені – «иә» дегені» деп әндетіп жүргенде, шынайы өмірде мындаған әйел өздерінің бұрынғы күйеуі немесе жігіт тарапынан қудалауға ұшырап, өмірлеріне қауіп төніп жатады. «Жоқ» деген сөзді қабылдай алмау, әйелдің жеке шекарасына қол сұғуды «махаббат жолындағы күрес» деп білу, міне, осы сұмдық статистиканың негізгі қозғаушы күштерінің бірі.

Ән мәтіндерін жазатын ақындар мен сценаристердің жауапкершілігі өте үлкен. Олар жазған әрбір сөз шынайы өмірде біреудің тағдырына, тіпті өміріне әсер етуі мүмкін екенін түсінуі тиіс. Өнер де, медиа да қоғамның айнасы. Бірақ бұл айна тек барды көрсетіп қана қоймайды, ол болашақты да бағдарлайды, жаңа нормаларды қалыптастырады.

Біз қандай қоғамда өмір сүргіміз келеді? Әйелдің құқығы сыйланатын, әрбір адамның «жоқ» деген сөзі заңды әрі бұлжытпас шешім ретінде қабылданатын өркениетті ел болғымыз келе ме, әлде ескі патриархалдық шырғауықта, «сүлудың қарсылығы – тек ойын» деп есептейтін абыюзивті ортада қалғымыз келе ме? Бұл сұрақтың жауабы тек заң шығарушыларда ғана емес, сонымен қатар ән жазатын ақындарда, кино түсіретін режиссерлерде, миллиондаған аудиториясы бар блогерлерде және ең бастысы – бізде, яғни тыңдарман мен көрерменде. Біз зорлықты насихаттайтын өнердің нарығын өз қолымызбен жабуымыз керек.

Сүлудың, жалпы әрбір адамның «жоқ» дегені «иә» емес, ол – тек «жоқ» екенін ұмытпайық.

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ



Сурет «ЖМ» арқылы жасалған

Назгүл СӘКЕНОВА:



– Гарвардқа апаратын жол бір күнде салынбайды. Сол жолда сізге ең көп көмектескен қасиетті атаңызшы.

– Мен үшін Гарвардқа апарар жол бір сәтте ашылған жоқ. Ол баспалдақ секілді кезең-кезеңімен қаланды. Өйткені өмірде бір-екі сатыны аттап өту мүмкін емес, әр баспалдақтың өз орны бар. Ғылымға деген алғашқы қадамым Сәтбаев мектебінде басталып, ұстаздарымның қолдауымен нығайды. Кейін Назарбаев Зияткерлік мектебі мені жаңа мүмкіндіктерге жетеледі. Ал Назарбаев университетінде төрт жылдық бағдарламаны 3,5 жылда аяқтап, қалған уақытымды ғылыми зерттеулерге арнадым. Франциядағы Paris-Saclay университетінде екі жылдық магистратураны бір жылда тәмамдап, әр мүмкіндікті тиімді пайдалануға тырыстым. Одан кейін Германиядағы EMBL-де PhD бағдарламасын оқыдым. Әр кезең маған жаңа тәжірибе мен жаңа дағды сыйлады.

Сол жолда маған ең көп көмектескен қасиет – ғылымға қызығушылық. Сұрақ қоюдан қорықпау, терең ойлану және әр істі адал ниетпен атқару мені үнемі алға жетеледі. Тіпті бір ғылыми конференцияда қойған батыл әрі тосын сұрақтарым Гарвард профессорының назарын аударып, зертханасына жұмысқа шақыруына себеп болды.

Қазір жолдасым Асқарбек Орақов екеуіміз Гарвардта ғылыми зерттеулермен айналысып жүрміз. Бірақ Гарвардты жеткен межеміз емес, келесі белеске бастайтын тағы бір баспалдақ деп қабылдаймыз. Өйткені әлі де бағындырар белестеріміз бен елге тигізер пайдамыз көп деп сенеміз.

– Бүгінде Гарвардта зерттеу жүргізіп,



Ұстаз – шәкірт шығармашылым. Сәкенова Назгүл – оқу оғамы. Нарал сурет салумен қатар, өлең жазумен де шұғылданып, ақындық өнерге аяқ басып келе жатқан дарын иесі.

Шығанақова Асыл – оқу оғамы. Асыл – қарағандық өмірге қызыға араласатын жасуаткершілігі жоғары оқушы. Компьютерді мейлінше меңгеріп отырған өнер иесі.

PhD студенттеріне ғылыми жетекшілік етіп жүрісіз. Қазақстандағы жас ғалымдар әлемдік ғылымға еркін араласуы үшін ең алдымен не өзгеруі керек?

– Менің ойымша, қазақстандық жас ғалымдардың әлеуеті өте жоғары. Мемлекетіміз жас болса да, оқушылар мен студенттердің білімі мен ынтысы әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеп келеді. Мысалы, халықаралық пәндік олимпиадаларда біздің оқушыларымыз тұрақты түрде алтын, күміс, қола медаль жеңіп алады. Жақында ғана физикадан өткен халықаралық олимпиадада Қазақстанның бес оқушысы бес алтын медаль иеленді. Бұл – тарихи жетістік әрі біздің интеллектуалдық әлеуетіміздің көрсеткіші.

Әрине, кез келген салада қиындық бар. Әсіресе эксперименттік ғылыммен айналысу үшін заманауи зертханалар, құрал-жабдықтар мен реагенттердің жеткілікті болуы өте маңызды. Сонымен қатар белгілі бір ғылыми бағыттың қарқынды дамуы үшін сол саладағы зерттеушілер мен зертханалардың жеткілікті саны болуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, бізде әлі де даму қажет бағыттар бар.

Дегенмен бұл жастардың әлемдік ғылымға араласуына кедергі болмауы керек. Қазір жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялардың дәуірі. Бионформатика, химинформатика сияқты бағыттарда қашықтан ғылыми тағылымдамадан өтіп,

халықаралық зерттеу топтарымен жұмыс істеуге мүмкіндік мол. Осындай тәжірибе арқылы ғылыми мақалалар жазылап, әлемдік ғылымға өз үлесіңді қосуға болады.

Кейінгі жылдары жастарға арналған мүмкіндіктер де көбейіп келеді. Мемлекеттік бастамалармен қатар, жеке қорлар да ғылымды қолдауға үлес қосып жүр. Мысалы, жыл сайын 10 талантты студентті әлемнің жетекші университеттеріне жазғы ғылыми тағылымдамаларға жіберетін бағдарламалар бар. Менің жұбайым Асқарбек те осындай мүмкіндікті пайдаланып, оның кәсіби дамуына үлкен мүмкіндік болды.


Сондықтан менің ойымша, ең бастысы – жас ғалымдарға халықаралық ғылыми ортаға ертерек араласуға мүмкіндік беру, олардың қызығушылығын қолдау және әлемдік зерттеу қауымдастығымен байланысын күшейту. Сонда Қазақстанның жастары әлемдік ғылымда өз орнын сенімді түрде табады.

– 600 үміткердің арасынан тандалып, 234 мың долларлық беделді грантқа ие болдыңыз. Ал бізде «бұл қаржы қайда жұмсаларды?» деген сұрақ туындап отыр...

– Бұл грант менің жалақымды жабады. Бұл маған тәуелсіз түрде өзіме қажет ғылыми зерттеу жұмысын жасауға мүмкіндік береді. Әдетте, университет немесе зертхана жалақы төлесе, академиялық еркіндік сәл шектеулі болады. Ал бұл грант маған дербес шешім қабылдауға, зерттеу бағытымыз өзім таңдауға жол ашады. Әрине бұл қаражат зерттеудің өзіне, яғни реагенттерге, эксперименттердің толық құнына жетпейді. Бірақ басқа да гранттар бар, сондықтан осы ресурстарды біріктіріп, өзіме маңызды әрі қажет зерттеулерді жүргізе аламын.

– Шетелдегі ғылымның мүмкіндігі мол екені белгілі. Сонда да болашақта жинаған тәжірибенің Қазақстан ғылымның дамуына бағыттау жоспарыңыз бар ма? Отанға оралу ойда бар ма?

– Мен білімді ақысыз түрде Назарбаев зияткерлік мектебінде және Назарбаев университетінде алдым. Бұл маған мықты негіз болды. Мұнда біз сапалы білім алдық. Ал халықаралық тәжірибе мен білім сол негіздің үстіне қосылған қосымша болды. Сондықтан мен мұны өз елім үшін әртүрлі жолдармен пайда келтіруді өзімнің парызым деп санаймын. Өзім енді даму үстіндегі маман ретінде қазір берер көмегім – қазақстандық студент-



терге ментор болу, олардың халықаралық ғылыми ортаға шығуына көмектесу, біздің зертханамызда тағылымдамадан өтуіне жәрдемдесу.

– Жұбайыңыздың да ғылым саласында еңбек ететіні белгілі. Бір шаңырақтағы екі зерттеушінің ортақ арманы мен кәсіби жолының бір болғаны керемет шығар...


– Иә, біздің оқиға әдеттегідей емес. Алдымен отбасы құрып, кейін ғалым болған жөкпыз, керісінше, бірге ғылымға қадам басып, тек содан кейін үйлендік. Біздің әңгімелеріміз, түсінігіміз, бір-бірімізді қолдауымыз өте ерекше. Өйткені біз ғылымда да, өмірде де бірге өстік. Он жылдан бері біргеміз, бакалаврды да, магистратураны

Басы 1-бетте

да, PhD-ны да, ғылыми тағылымдамаларды да бірге өттік. Қазір екеуіміз де Гарвардта постдок ретінде жұмыс істеп жүрміз. Сондықтан біз жай ғана жұп емеспіз, өзiмiздi бiр команда ретiнде сезiнемiз һәм бұл сезiм бiздiң жолымызды әрi нығайтып, әрi жеңiлдетедi.

– Жакында ана атандыңыз. Ана болу ғылымға, мансапқа және өмірлік мақсаттарыңызға деген көзқарасыңызды қалай өзгертті?

– Мен үшін ана болу ғылымға деген көзқарасымды емес, өмірге деген көзқарасымды өзгертті. Ана атанғаннан кейін аналарға деген құрметім бұрынғыдан да арт-



ты. Қоғамда әйелді әлсіз деп қабылдайтын түсінік бар. Алайда мен үшін анадан мықты адам жоқ. Себебі ана болу – өмір бойы жалғасатын, махаббат пен сабырды талап ететін ең үлкен жауапкершілік.

Кейде ана болу ғалым болудан да қиын жұмыс сияқты көрінеді. Ғылыми жоба

бір күні аяқталады, ал аналық міндеттің аяқталатын уақыты болмайды. Ол күн сайын өзіндік жетілдіруді, балаға уақыт пен көңіл бөлуді талап етеді.

Бүгінде отбасы мен ғылымды қатар алып жүрмін. Бұл екі рөл бір-бірін толықтырып, өмірге деген көзқарасымды тереңдетіп, жауапкершілігімді бұрынғыдан да арттырды. Айтпақшы, жолдасым Асқарбек те Гарвардта әйелдердің денсаулығына әсер ететін вирустарды зерттейді. Сондықтан бұл тақырып біздің отбасымыз үшін кәсіби ғана емес, өмірлік тұрғыдан да ерекше маңызға ие.

– Айтыңызшы, әлемнің үздік зертханаларында еңбек етіп жүрген қазақ қызы ретінде, сіздің ойыңызша, Қазақстан ғылымын халықаралық деңгейге шығаратын ең басты ресурс не?

– Менің ойымша, ең басты ресурс – бұл біздің интеллектуалды капиталымыз. Яғни, оқушылар, мұғалімдер, мектептегі жүйе, білім беру жүйесі – бәрі өте сапалы. Мысалы, Жансүгірөвтегі Сәтбаев мектебі, НЗМ мен Назарбаев университеті маған мықты іргетас қалыптастырды. Сол білімнің арқасында әлемдік деңгейдегі ғалым болып отырмын. Егер негізі әлсіз болса, ондай мүмкіндік те болмас еді. Сол себепті біздің білім жүйеміз өте жоғары деңгейде болуы қажет. Мұғалімдердің сапасы, олардың біліктілігі мен еңбегін бағалау да үлкен рөл атқарады. Білімге деген құрметіміз жоғары болса, болашақта ғалым да, жетістік те көбейетіні сөзсіз. Бұл бағытта үздіксіз даму мен сапалы білімге инвестиция жасау өте маңызды.

– Ғылым жолын құған жас оқырмандарға лебіңізді жеткізсеңіз...

– Ең алдымен, өздеріңізге сеніңіздер дегім келеді. Сіздер әлемнің кез келген еліндегі студенттен де, ғалымнан да еш кем емессіздер. Мұны өз тәжірибемізден жақсы білеміз. Жолдасым Асқарбек екеуіміз Қытайда, Жапонияда, Францияда, Германияда және АҚШ-та ғылыми тағылымдамадан өтіп, түрлі елдің ғалымдарымен бірге жұмыс істедік. Сол ортада қазақстандық жастардың білімі мен әлеуетінің әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті екеніне көзіміз жетті. Сондықтан, ең алдымен, өз күштеріңізге сеніңіздер. Сондай-ақ сұрақ қоюдан ешқашан қорықпаңыздар. Кейде қарапайым көрінген сұрақтың өзі үлкен ғылыми жаңалықтың бастауына айналуы мүмкін. Еркін ойлап, қызығушылық танытып, өз пікірлеріңізді ашық айтудан тартынбаңыздар. Ғылымда сенімділік, ізденімпаздық және білуге деген құштарлық аса маңызды. Мүмкіндігінше ғылыми тәжірибеден өтіп, өз бағыттарыңызды табуға, ғылыми мақалалар жариялауға ұмтылыңыздар. Сонымен бірге шығармашылық еркіндікке шектеу қоятын, дамуға кедергі келтіретін жағымсыз ғылыми ортадан аурудан болыпаныздар.

– Әңгімеңізге рақмет. Толағай табыс тілеймін!

Сұхбатасқан
Нұршат НЫШАНОВА

ҒЫЛЫМҒА ҒАШЫҚ ҰРПАҚ — ЕЛ ЕРТЕҢІ



Сурет ашық дереккөзден алынды

Ұстаз болу – мамандық тандау ғана емес, болашақтың тағдырына жауапкершілік алу екенін студент кезімде түсіндім. Университет қабырғасында алған білім мен педагогикалық тәжірибе мені физика пәнінің мұғалімі болу – тек сабақ беру емес, ғылымға ғашық, терең ойлай алатын, ізденетін ұрпақ тәрбиелеу деген қорытындыға әкелді.

Физика тек формула мен заңдардың жиынтығынан ғана емес, ол – табиғаттың тілі, әлемнің үйлесімінен тұратын қызық ғылым. Әрбір қозғалыс, жарық, дыбыс, энергия немесе ғарыштағы құбылыс белгілі бір заңдылыққа бағынады. Осы заңдылықтарды оқушыға түсіндіру арқылы біз оның тек білімін ғана емес, дүниетанымын қалыптастырамыз. Сондықтан физика мұғалімінің ең басты міндеті – баланың бойында дайын жауапты жаттауға емес, сұрақ қоюға, дәлелдеуге, зерттеуге деген қызығушылықты қалыптастыру.

Бүгінгі қоғам ғылым мен технологияның жаңа дәуіріне аяқ басты. Жасанды интеллект, робототехника, жаңартылатын энергия көздері, ғарыштық технологиялар, цифрлық өндіріс – мұның барлығы физика ғылымының жетістіктеріне сүйенеді. Осындай кезеңде физиканы сапалы оқыту маңызды. Себебі елдің ертеңгі инженер, ғалым, конструкторлары мен өнертапқыштары бүгін мектеп қабырғасында білім алуда.

Қазақстанның дамуы ғылым мен білімнің сапасына тікелей байланысты. Мемлекет басшысы жариялаған ғылыми-технологиялық даму бағыттары, инженерлік мамандықтарға беріліп жатқан басымдық, өндірісті жаңғырту, энергетика саласындағы жаңа жобалар жаратылыстану ғылымдарын терең меңгерген мамандарды қажет етеді. Ал сол мамандардың алғашқы ұстазы – мектеп мұғалімі емес пе?! Осы жауапкершілікті сезіне отырып, мен физика пәнінің мұғалімі мамандығын тандадым.

Педагогикалық тәжірибе барысында бір дүниеге көз жетті. Мен үшін сабақ тек мұғалімнің жаттанды дәрісінен, ал оқушының жай тыңдауынан тұрмайды. Сабақ барысында пікір алмасып, тәжірибе жасайтын, жаңалық ашатын шығармашылық орта қалыптасуы керек. Оқушы физиканы өмірмен байланыстырған кезде ғана пәнге қызығушылық танытады. Сондықтан болашақтағы еңбек жолымда дәстүрлі түсіндірумен ғана шектелмей, тәжірибелік жұмыстарды, цифр-

лық зертханаларды, ғылыми жобаларды, зерттеу әдістерін кеңінен қолдануды мақсат етемін.

Мәселен, Байқоңыр ғарыш айлағының Қазақстан жерінде орналасуының өзі жастардың ғылымға қызығушылығын арттыруға зор мүмкіндік береді. Ғарышқа ұшқан әр зымыран жер серігінің немесе ғылыми аппараттың жұмыс істеу қағидалары физика заңдарына сүйенеді. Осындай мысалдарды өмірмен байланыстыра түсіндіре алған мұғалім оқушының пәнге деген қызығушылығын еселей түседі. Көптеген жас ғалымның ғылым жолына келуіне мектептегі физика пәні мұғалімінің ықпалы болғаны жиі айтылады. Бұл ұстаз еңбегінің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.


Ұстаздың басты жетістігі – өзінің емес, шәкіртінің жетістігі. Егер менің оқушыларым ғылымды тандаса, республикалық олимпиадаларда жеңіске жетсе немесе Қазақстанның дамуына үлес қосатын инженер, ғалым атанса, мен үшін одан асқан мәртебе жоқ шығар, сірә. Себебі «ұстаздан шәкірт озса игі» деген қанатты сөздер бекер айтылмаса керек.

Жас маман ретінде үздіксіз ізденудің маңызын жақсы түсінемін. Білім беру саласы күн сайын жаңарып келеді. Жаңа технология, жаңа әдістеме, түрлі цифрлық платформа мұғалімнен тұрақты дамуды талап етеді. Сондықтан кәсіби біліктілігімді жетілдіріп, халықаралық тәжірибелерді меңгеріп, заманауи оқыту тәсілдерін игеру – алдағы еңбек жолымдағы басты мақсатымның бірі.

Қазақстанда өндіріс орындарының жаңғыруы, атом энергетикасын дамыту мәселесі, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, ғарыштық зерттеулерді кеңейту секілді бағыттар бойынша білікті мамандарға сұраныс жыл сайын артып келеді. Әр саланың негізінде физика ғылымы жатыр. Сондықтан физика мұғалімі тек оқытушы емес, еліміздің ғылыми әлеуетін қалыптастыруға үлес қосатын маңызды маман иесі саналады.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім кандай болса, мектеп те сондай болмақ» деген. Осы сөзді өзіме өмірлік ұстаным ретінде қабылдадым.

Айбике БЕКЕНТАЙ,
Физика пәні
мұғалімі



КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛЫРЕГЕНІ...

Басы 1-бетте

Жаңа қаулыда мемлекеттік Туды автокөліктерде пайдалану мәселесі де нақты көрсетілген. Енді Туды жеке және қызметтік автокөліктердің ішінде орналастыруға рұқсат беріледі. Дегенмен мемлекеттік рәмізді пайдалану кезінде оған құрметпен қарау басты талап болып қала береді. Ту жерге, еденге немесе суға тимеуі тиіс. Егер ол тік күйінде ілінсе, ұлттық ою-өрнегі матаның жоғарғы бөлігінде орналасуы қажет.

Сондай-ақ Тудың сыртқы келбетіне қатысты талаптар өзгеріссіз сақталған. Жыртылған, өңі кеткен, ластанған немесе бүлінген мемлекеттік Туды пайдалануға жол берілмейді. Ал қолданылатын барлық мемлекеттік Тулар Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына толық сәйкес болуы міндетті.

Егер ғимараттың сәулеттік немесе техникалық ерекшеліктеріне байланысты Туды қасбетке ілу мүмкін болмаса, оны ғимараттың маңындағы арнайы ту тұғырына орналастыруға болады. Бұл талап мемлекеттік рәмізді дұрыс әрі лайықты орналастыруға мүмкіндік береді.

Құжатта мемлекеттік Туды пайдалануға қатысты бірқатар шектеу де сақталған. Атап айтқанда, оны жарнама немесе коммерциялық мақсатта қолдануға тыйым салынады. Сондай-ақ мемлекеттік рәмізді киім-кешекке, төсек-орын жабдықтарына, перделерге, дастарқанға, кілемшелерге және өзге де тұрмыстық бұйымдарға орналастыруға болмайды. Бұл шектеулер мемлекеттік рәміздің қадір-қасиетін сақтау мақсатында белгіленген.

Сонымен бірге қолданыстағы нормаларға сәйкес, мемлекеттік Тудың бейнесін спортшылардың жарыс киімінде және спорттық жабдықтарында пайдалануға бұрынғыдай рұқсат етіледі. Бұл халықаралық жарыстарда Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін таныту тәжірибесінің жалғасатынын білдіреді.



Заңнаманың күшіне енгені сол еді, халық көк Ту бейнеленген шоколадтардан бастап ішімдіктерге және басқа да қоқысқа тасталатын түрлі өнімге шектеу қоюды бірауыздан талап ете бастады. Көптің көкейіндегі сауалға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі былай жауап қайтарды.

– Өзгерістер мемлекеттік рәміздерді алдағы уақытта пайдалану тәртібін реттейді және бұған дейін шығарылған өнімдерді айналымнан алу немесе жою міндетін жүктемейді. Атап айтқанда, қаулыда мемлекеттік Тудың бейнесін спортшылардың спорттық киімі мен жабдықтарында пайдалануға тікелей рұқсат берілген. Ал өзге жағдайларда Тудың бейнесін заң талаптары сақталған, мемлекеттік рәміз бұрмаланбаған, коммерциялық мақсатта қолданылмаған және оның қадір-қасиетін төмендетпеген жағдайда пайдалануға болады, – дейді министрліктің баспасөз қызметі.

ЕЛДІК НЫШАҢҒА ЕНЖАР ҚАРАҒАНДАР

Кейінгі жылдары мемлекеттік рәміздерді пайдалану мәдениеті жиі талқыға түсіп жүр. Бір жағынан көк Туды құрметтеп, оны ұлттық мерекелерде, спорттық жеңісте, халықаралық жарыстарда мақтанышпен көтеретін азаматтар көп болса, екінші жағынан рәміздерді талапқа сай пайдаланбау немесе оларды қорлау сипатындағы әрекеттер де арагидік көзге түсіп жатады.

Мемлекеттік Туға қатысты қоғамның наразылығын тудырған жағдайлардың бірі 2015 жылы Шымкент қаласында тіркелді. Мемлекеттік Туды беймәлім тұлғалар коқыс шығаруға пайдаланылғанын көрсететін фотосуреттер кеңінен тарады. Кадрларда жерде жатқан Тудың

үстімен адамдардың жүріп өткені, оның маңында шашылған коқыс пен аударылған коқыс жәшігінің тұрғаны анық көрінеді. Бұл оқиға қоғамда үлкен резонанс тудырып, мемлекеттік рәмізге деген құрмет мәселесін қайта күн тәртібіне шығарды.

Оқиғадан кейін құқық қорғау органдары жедел әрекет етіп, Туды коқыс шығаруға пайдаланған азаматтарды үш сағаттың ішінде анықтаған. Олар Шымкент қаласындағы жеке мекеменің қызметкерлері болып шықты. Атап айтқанда, 1986 жылы туған Г есімді және 1974 жылы туған Т есімді және коқыс таситын көліктің жүргізушісі, 1966 жылы туған М есімді тұлғалар ұсталды. Кейін жүргізуші өз әрекетін түсіндіруге тырысып, Туды коқыс жинау үшін әдейі пайдаланбағандарын айтты.

– Біз коқысты Туға жинаған жоқпыз. Жүк аударылып кетіп, коқыс Тудың үстіне түсіп қалды. Біз оны көрген кезде Ту әбден тозып кеткен еді. Кейін оны осындағы мекемелердің біріне тапсырамыз деп, көліктің кабинасына салып қойғанбыз. Бірақ жұмыс барысында жоғалып кетті. Қазір оның қайда екенін білмеймін, – деген болатын.

Ал Шымкент қалалық ішкі істер басқармасы бұл іске қатысты барлық күдіктінің қысқа уақыт ішінде анықталғанын мәлімдеді.

– Әлеуметтік желілерде үш жұмысшының мемлекеттік Туды коқыс жинауға пайдаланғаны бейнеленген суреттер жарияланды. Қызметкерлеріміз суреттегі азаматтарды анықтап, оларды Шымкент қалалық ішкі істер басқармасына жеткізді. Үшеуі де өз кінәларын мойындады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оларға 2 мың айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу немесе екі жылға дейін бас бостандығын шектеу жазасы қолданылуы мүмкін, – деп мәлімдеген еді Шымкент қалалық ІІБ басшысы.

Ал 2016 жылы Қостанай қаласының тұрғыны Ольга Шумилова мемлекеттік Туды коқысқа тастағаны үшін қоғамның қатаң сынына ұшырады.

қатаң сынға ұшырады. Әлеуметтік желілерде концерттен түсірілген бейнежазбалар кеңінен тарап, көпшілік мұндай әрекетті мәдениетке де, көрерменге де құрметсіздік деп бағалады. Даудың одан әрі өршуіне әлеуметтік желі қолданушыларының Shiza сахнадан Қазақстанның мемлекеттік Туын көрермендерге қарай лақтырғаны туралы жазбалары себеп болды. Бұл ақпарат қоғамда мемлекеттік рәміздерге деген құрмет мәселесін қайтадан күн тәртібіне шығарды.

Оқиғаға байланысты сол кездегі

Мемлекеттік хатшының көмекшісі Ерлан Карин пікір білдіріп, мемлекеттік рәміздерге қандай жағдайда да құрметсіздік көрсетуге жол берілмейтінін атап өтті. Оның айтуынша, мемлекеттік Ту, Елтаңба мен Әнұран – елдің тәуелсіздігі мен тұтастығын білдіретін қасиетті нышандар, сондықтан оларды пайдалану кезінде заң талаптары мен қоғамдық жауапкершілік қатаң сақталуы тиіс.

Қоғамдық резонанс тудырған оқиғадан кейін Shiza лақапатымен өнер көрсететін Асхат Долгиевтің BEU Fest заманауи қазақстандық музыка фестиваліне қатыстырылмағаны белгілі болды. Фестиваль ұйымдастырушылары бұл шешімді қоғамның пікірін және мемлекеттік рәміздерге деген құрмет қағидатын ескере отырып қабылдағанын мәлімдеді. Осы оқиға өнер адамдарының сахнадағы әрекеті мен қоғамдық жауапкершілігіне қатысты қызу пікірталасқа түрткі болып, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәселесінің маңызын тағы бір мәрте айқын көрсетті.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАЙМЫН ДЕП, ЖАЗАҒА ҰРЫНЫП ҚАЛМА

Қоғамда әлі күнге дейін қызу талқыланатын тағы бірқатар оқиға бар. Соның бірі 2015 жылы Астана қаласының тұрғыны Жандос Құрманбаев боксшы Геннадий Головкиннің жеңісіне қуанып, мемлекеттік Туды өз балконына іліп қойғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, ірі көлемде айыппұл төлеген болатын. Бұл жағдай қоғамда әртүрлі пікір туғызды. Көпшілік мемлекеттік рәмізді қорлағандар мен оны құрмет мақсатында пайдаланған азаматтарға қатысты қолданылған жауапкершілік арасындағы айырмашылықты әділеттілік тұрғысынан талқыға салды.

Тағы бір ерекше оқиға Жетісу облысының Ақсу ауданында тіркелген еді. Блогер Данияр Бейісқали әлеуметтік желіге жариялаған жазбасы үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл төледі. Оның айтуынша, мемлекеттік Елтаңбаны коқыс жәшігінен тауып алып, бүлінуден сақтау мақсатында үйіне іліп қойған. Блогер мұны рәмізге құрмет көрсету деп түсіндіргенімен, жергілікті әкімдік бұл әрекетті мемлекеттік рәмізді заңда көзделмеген мақсатта пайдалану деп бағалап, полицияға жүгінген. Нәтижесінде құқық қорғау органдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғап, сот шешімімен 216 мың теңге көлемінде айыппұл салған.

Бұл оқиға қоғамды дүр сілкіндіріп, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет пен оларды пайдалану тәртібінің ара-жігін тағы бір мәрте талқылауға себеп болды. Бір жағынан азаматтың

іліп қойыпты. Өз елдерін мақтан ететін жас буын қолдарына жалауша ұстап үстеріне ту бейнеленген шолақ жейде, баскіім киіп Ататүрік музейін аралап жүр. Көргенде көзің тояды. Патриотизмі мықты екен.

Бізде ше? Жас ұрпаққа «патриот болыңдар» дейміз де, патриоттығын білдіремін дегендерге айыппұл саламыз. Мұндай айыппұлдан кейін қайдан елін сүйер азамат болсын?! – дейді қоғам белсендісі Тұрар Саттарқызы.

Быттыр ғана Ақтау қаласында тәуелсіздік күнінде тәртіп сақшылары ту ілген автобус жүргізушісін тоқтатып, туды шешіп тастауды талап еткені һәм жүргізушіге айыппұл салынғаны жайлы ақпаратқа қанықтық. Қоғамдық көлік маңдайшасынан туды күштеп алдырған бейнежазба кейін желі беттерін шарлап кетті. Аталған жайтқа байланысты Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха:

– Бірқатар жағдайда адамдар ту үшін емес, жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады. Ал мемлекеттік Туға келсек, оны ілуге тыйым салынбайды. Бірақ ол жүргізушінің көру аймағын шектемеуі, көрініске кедергі келтірмеуі және жол қозғалысына қатысатын өзге адамдарға қауіп төндірмеуі тиіс, – деп жауап берген.

Жалпы Қазақстанда мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңмен реттеледі. Заңда рәміздерді орналастыру, пайдалану, сақтау, ауыстыру және жарамсыз болған жағдайда жою талаптары егжей-тегжейлі көрсетілген. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздерді қорлағаны үшін әкімшілік те, қылмыстық та жауапкершілік қарастырылған.

Мемлекеттік рәміздер – жай ғана мата немесе металл емес. Олар тәуелсіз елдің айбыны, халықтың тарихи жадын, егемендігін және ұлттық бірегейлігін білдіретін қасиетті нышандар. Сондықтан оларды құрметтеу әр азаматтың мәдениеті мен елге деген жанашырлығының көрінісі болуы тиіс. Заң талаптарын сақтау да, мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін түсіну де бірдей маңызды. Өйткені көк Тудың әрқашан биікте желбіреуі оны тек ресми рәсімдерде ғана емес, күнделікті өмірде де лайықты құрметтей блуден басталады.

– Қастерлі рәміздеріміз – ұлт құндылықтарының жарқын символы. Мемлекетіміздің әр нышаны халқымыздың болмыс-бітімінің көрінісі саналады. Елтаңба – елдігіміздің айшықты белгісі. Әнұран – азаттығымыздың айбынды үні. Көк Туымыз – тәуелсіздік тұмары. Төбемізге көтеріп, қадір тұтатын осы үш рәмізді мемлекеттігіміздің мызғымас ұштағаны десек, артық болмайды. Тарихқа үнілсек, жұртымыз әрқашан бір Тудың астына жиналып, ынтымақ-бірлігін сақтай білген. Қазір де еліміз ауызбіршілігін нығайтып, алға қарай сеніммен қадам басып келеді

Көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! Туымызды тік ұстау – әр азаматтың перзенттік парызы. Аспан түстес көк байрағымыз – біздің мақтанышымыз. Спортшыларымыз Туымызды талай рет жеңіс тұғырына көтерді. Қазақтың қайсар қыздары Эверестке шығып, Туымызды әлемнің ең биік шыңында желбіретті, – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласындағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсімінде.

Президент мемлекеттік рәміздер негізгі құндылықтарымыз бен мұраттарымызды айшықтап, әрқайсымыздың бойымызда елімізге деген шынайы мақтаныш сезімін оятатынын жеткізді. Сонымен қатар басты елдік нышандар сын сағатта да, жеңісті күндерде де барша азаматты біріктіретініне тоқталды.

Мемлекеттік рәміздер – елдің тәуелсіздігі мен егемендігінің, ұлттық бірлігі мен тұтастығының



ниеті рәмізді сақтап қалу болса, екінші жағынан заң мемлекеттік символдарды қолданудың нақты тәртібін белгілейді және одан ауытқуға жол бермегенін алға тартады.

– Мемлекеттік рәміздерді қастерлеу нағыз патриотизмнің, отансүйгіштіктің айқын көрінісі емес пе?.. Быттыр Түркия елінде болдым, әр балконда, тіпті жол бойында жеміс-жидек сататын дүңгіршектерге дейін мемлекеттік туын желбіретіп

айқын белгісі. Сондықтан оларды пайдалану кезінде заң талаптарын сақтау әрбір азаматтың ортақ міндеті. Үкімет енгізген жаңа өзгерістер мемлекеттік Туды қолдану мүмкіндігін кеңейте отырып, оған деген құрметті сақтау қағидаларын да нақтылай түседі деп сенеміз.

Аружан ОРАЛБАЙ



Кенеттен болатын жүрек өлімінің алдын алуға мүмкіндік беретін заманауи жоғары технологиялық оталардың бірі – кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау. Жыл басынан бері көпбейінді облыстық аурухананың кардиология орталығында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жүрек ырғағының ауыр бұзылыстары бар пациенттерге осындай 25 ота жасалды.

Өзгенің көлеңкесінде өскен ұрпақ

Ауылдан шыққан баланың маңдайына қала баласынан кем тағдыр жазылмаған. Бірақ кейінгі жылдары көзге жиі түсетін бір құбылыс бар. Кейбір жастардың бойына өзгені өзінен жоғары қою, өзін екінші қатардағы адам санау секілді көзге көрінбейтін, бірақ салдары ауыр психология сіңіп бара жатқандай. Әңгіме білімнің аздығында немесе қабілеттің төмендігінде емес. Мәселе адамның өзіне деген сенімінде жатыр. Қатарласының қолынан келген дүниені өзінің де жасай алатынына күмәнмен қарайтын, үлкен жиында сөз бастау керек болса үнсіз шетке ығысатын, жауапкершілік жүктелсе «бізден шықпайды» деп алдын ала шегініп қоятын жастар аз емес.

Осындай көңіл күй уақыт өте келе адамның мінезіне айналады. Өз күшіне сенбеген адам бірте-бірте өзгенің күшіне сүйенуге үйренеді. Сөйтіп, жаңа б а с т а м а н ы ң орнын тәуелділік басады, әрекеттің орнын күтушілік ал м а с т ы р а д ы. Кеше ғана өзін өзгеден әлсіз санаған жас ертең маңызды шешімдерді де өзгенің қабылдауына көнгіп кетеді. Қоғамдағы масылдықтың тамыры көбіне осы жерден бастау алады. «Біреу келіп мәселені шешіп береді, біреу келіп жол көрсетеді, біреу келіп соңынан ертеді» деген үміт сананың тереңіне орнығып алады.

Қазақ тарихына көз салсаң, елдің маңдайына біткен талай тұлғаның үлкен шаһардың тас көшесінде емес, шағын ауылдың топырағында өсіп-жетілгенін көресің. Кешегі мал соңында жүрген қара бала кейін мемлекет басқарды, ауыл мектебінің тар сыныбында білім алған жастар ғылымның биігіне көтерілді, аудан орталығына барудың өзі үлкен оқиға саналатын заманда қазақтың талай азаматы әлемге танылды. Олардың ешқайсысы туған жерін кемшілік деп қабылдаған жоқ. Керісінше, сол ортадан алған шыдам мен төзімді, еңбекқорлық пен қайсарлықты өмірлік артықшылыққа айналдыра білді.

Әлеуметтік желінің дәуірінде бұл мәселе бұрынғыдан да күрделене түсті. Биік ғимараттар, қымбат көліктер, жарқыраған кенеселер мен сәнді өмір салты үздіксіз көрсетіліп жатқан кезде

ауылдағы қарапайым жас өз өмірін өзгенікімен салыстырып, өзін әлдеқайда төмен тұрғандай сезіне бастайды. Қала табыстың жалғыз мекені сияқты көрінеді. Алайда өмірдің өзі мұндай түсінікті талай рет жоққа шығарды. Табысқа апаратын жолдың мекенжайы болмайды. Ол кейде шағын ауылдың шетінде интернеті әрең ұстайтын үйде отырып басталады, кейде шаң басқан көшеде велосипед айдап жүрген баланың арманынан бастау алады.

Америкалық жазушы Марк Твеннің «Өзінді өзгелермен салыстыруды тоқтатқан күні ғана бақытты бола бастайсың» деген сөзі бар. Расында, адам өз жолын өзгенің жолымен өлшей берген сайын өз мүмкіндігін көрмей қалады. Біреудің жағдайы жақсы екен деп оның қабілеті де артық деген сөз емес. Біреудің үлкен қалада туғаны оның өмір жарысын алдын ала жеңіп қойғанын білдірмейді.

Ауыл жастарының бойында көп жағдайда байқала бермейтін, бірақ бағасы жоғары қасиеттер ж е т е р л і к .

Олар еңбектің қадірін ерте түсінеді, жоқтан бар жасауға бейім келеді, қиындыққа тез м о й ы м а й д ы, үлкеннің тілін тауып сөйлесуді, кішіні қорғауды табиғи түрде ү й р е н е д і . Б ү г і н д е әлемнің көп елі жастардың бойына осындай қ а с и е т т е р д і маңызды шешімдерді де өзгенің қабылдауына көнгіп кетеді. Қоғамдағы масылдықтың тамыры көбіне осы жерден бастау алады. «Біреу келіп мәселені шешіп береді, біреу келіп жол көрсетеді, біреу келіп соңынан ертеді» деген үміт сананың тереңіне орнығып алады.

Әліхан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзі осындайда ойға оралады. Мінез деген тек батыл сөйлеу немесе қатал болу емес. Мінез деген өзіне сену, өз орныңды ешкімге бермеу, өзгелердің көлеңкесінде өмір сүруге келіспеу. Өзін төмен санаған ұрпақ өзгеге табынуға бейім келеді, ал өз мүмкіндігін бағалай білген буын ертең елдің тірегіне айналады.

Ауыл баласы қала баласынан кем емес. Кейде ол соны өзгеге дәлелдеуден бұрын өзіне дәлелдеуі керек сияқты көрінеді. Өйткені адамның алдынан шығатын ен үлкен қарсылас басқа біреу емес, оның ішіндегі күмән. Сол күмән жеңілген күні ауыл мен қаланың арасындағы көзге көрінбейтін қабырға да құлайды. Сол күні өзгенің соңынан еретін әлсіз буын емес, өзінен кейінгілерге жол көрсететін ұрпақ қалыптаса бастайды.

Ерназар СӘРСЕНҰЛЫ

КАРДИОВЕРТЕР-ДЕФИБРИЛЛЯТОР ТЕГІН ИМПЛАНТАЦИЯЛАНАДЫ

Жалағаш ауданының 72 жастағы тұрғыны Күлшары Спандиярова бірнеше ай бойы еңтігу мен ауа жетіспеушілігін сезініп жүрген. Алайда бұл белгілердің себебі өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуы екенін білмеген. Тексеру нәтижесінде оған кардиовертер-дефибрилляторды имплантациялау ұсынылды. Ота сәтті өтіп, бүгінде жүрек соғысы қалыпты жұмыс істеп тұр.

– Маған екінші өмір сыйлаған дәрігерлерге рақмет айтамын! Жүректің тоқтап қалғандай сезімі, бас айналу мен әлсіздік енді жоқ. Мұндай ота алғаш рет жасалды. Осындай қымбат емді МӘМС аясында тегін алып, денсаулығымды сақтауға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамын, – дейді Күлшары Спандиярова.

Кардиовертер-дефибриллятор – тері астына орнатылатын шағын құрылғы. Ол тәулік бойы жүрек ырғағын үздіксіз бақылап отырады. Өмірге қауіп төндіретін а р и т м и я

анықталған жағдайда құрылғы оны бірден танып, автоматты түрде электрлік импульс немесе разряд беріп, жүрек ырғағын қалыпқа келтіреді және кенеттен болатын жүрек өлімінің алдын алады.

– Жүрек соғу жиілігі қауіпті деңгейге дейін жиілеген жағдайда құрылғы бір немесе бірнеше электрлік импульс беріп, аритмияны тоқтатып, жүректің қалыпты ырғағын қалпына келтіреді. Кардиовертер-дефибриллятордың қызмет ету мерзімі шамамен 10 жылды құрайды, ал оның құны шамамен 10 миллион теңге. МӘМС жүйесінің арқасында пациенттер бұл ж о ғ а р ы

технологиялық медициналық көмекті тегін алады, – деді кардиолог Тілек Жамбыл.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы



ЖИ: ТАҢДАУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Цифрлық технологияның қарыштап дамуы адам өмірінің барлық саласына елеулі өзгеріс әкелді. Кеше ғана ғылыми-фантастикалық шығармалардың кейіпкеріндей көрінген жасанды интеллект бүгінде күнделікті тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналып жүреді. Әсіресе білім беру саласындағы ықпалы айтарлықтай сезіледі. Қазіргі оқушы бұрынғыдай тек оқулықпен немесе мұғалімнің түсіндіруімен шектелмейді. Көкейдегі сауалын жасанды интеллектіге жолдап, бірнеше секундтың ішінде жан-жақты жауап ала алады. Иә, мұның уақыт талабынан туған мүмкіндік екеніне таласымыз жоқ. Дегенмен, мүмкіндікпен қатар келетін жауапкершілік жүгі де бар емес пе?! Оны да ұмытпаған жөн.

Бүгінде ЖИ мектеп қабырғасында түрлі мақсатта қолданылып жүр. Оқушы күрделі тақырыпты түсінбей қалса, оны бірнеше тәсілмен қайта жеткізеді. Әр баланың білім деңгейін саралап, соған сәйкес тапсырма ұсынады, жіберілген қателерді талдап, әлсіз тұстарын анықтайды. Бұрын ұзақ уақыт кітап ақтарып немесе бірнеше дереккөзден



іздейтін ақпарат бүгінде санаулы секундта қолжетімді. Мұның бәрі оқушының білім алуына қолайлы жағдай қалыптастырып отырғаны анық.

Сонымен бірге жасанды интеллект мұғалімнің де сенімді көмекшісіне айналып келеді. Сабақ жоспарын әзірлеу, тест тапсырмаларын құрастыру және тексеру, оқу материалдарын жүйелеу, оқушылардың үлгеріміне талдау жасау сияқты жұмыстардың бір бөлігін автоматтандыру арқылы педагогтың уақытын үнемдейді. Нәтижесінде мұғалім қағазбастылықтан біршама арылып, оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге, олардың қабілетін дамытуға және тәрбиелік бағыттағы жұмыстарға көбірек көңіл бөле алады. Бұл өз кезегінде білім сапасының артуына ықпал етеді.

Алайда мәселенің екінші қыры да бар. Қазір кей оқушылардың кез келген тапсырманы өз бетінше ойланбастан жасанды интеллектіге орындатып, дайын жауапты көшіріп алуға әуестеніп бара жатқаны жасырын емес. Мұндай жағдайда технология білім берудің құралы емес, ойланудан қашудың амалына айналады. Егер оқушы әр тапсырманы дайын күйінде қабылдай берсе, оның ізденуге, талдауға, салыстыруға және өзіндік пікір қалыптастыруға деген қабілеті ақырындап әлсірейді. Бұл жалғаса берсе білімнің тереңдігі емес, сыртқы көрінісі ғана

сақталады. Міне, нағыз қатер – осы.

Мұнан бөлек жасанды интеллекттің әрдайым мінсіз жауап бермейтінін ескерген абзал. Кейде ол нақты емес немесе шындыққа жанаспайтын ақпарат ұсынуы мүмкін. Сондықтан оқушы кез келген мәліметті өзгеріссіз қабылдамай, бірнеше дереккөзбен салыстырып, оның дұрыстығына көз жеткізе білуі қажет. Бұл жерде мұғалімнің бағыт-бағдары мен сыни ойлауды қалыптастырудағы рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түседі. Өйткені жасанды интеллект ақпарат ұсына алады, бірақ оның ақиқатын саралап, өмірлік тәжірибемен байланыстырып, тәрбиелік мәнін түсіндіретін адам ғана.

Иә, қоғамда «жасанды интеллект мұғалімнің орнын басады» деген пікір де айтылады. Алайда бұл көзқараспен толық келісуге де болмайды. Себебі білім беру – тек ақпарат жеткізу емес. Мұғалім баланың бойына құндылықтарды сіңіреді, оның мінезін қалыптастырады, жігерлендіреді, қиын сәтте қолдау көрсетеді. Ал мұндай қасиеттерді ешбір алгоритм немесе бағдарлама толық алмастыра алмайды. Демек, жасанды интеллект мұғалімнің бәсекелесі емес, оның жұмысын жеңілдететін көмекшісі ғана болуы тиіс. Егер біз жасанды интеллекттің ойланудың орнына емес, ойымызды дамыту үшін пайдалансақ, ол болашақ ұрпақтың білімді, шығармашыл әрі бәсекеге қабілетті азамат болып қалыптасуына қызмет ететін қуатты құралға айналары сөзсіз. Ал сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

Ғазиз АСЫЛБЕКҰЛЫ,
Мардан Байділдаев атындағы
№232 орта мектептің информатика
мұғалімі

Марапат масайтпасын, замандас!

Карьера қуалау әр жастың арманы. Жоғары жетістікке жетіп, өз замандастарынан оқ бойы озық жүруді кім қаламасын. Кешегі ауылдың қара баласы үлкен мекеменің есігін ашып, елге пайдасын тигізіп, ата-анасының үмітін ақтап жатса, одан асқан қуаныш бар ма? Бірақ осы жолда басшыға көсекөлденең жағымпазданып, ірге іздейтін, орын көздейтін жастардың көбейіп бара жатқанын да байқамай қалмайсың. Бет шымышып, ерін тістеп таңғалыс білдірсек те, заман дәртімен күресте әлсізбіз. Қолымыздан бар келері соны газетке жазып, оқырманның ойына аз да болса әсер етсек деген ниетпен осы тақырыпты қозғап отырымыз.

Бір кездері қазақ баласы үлкеннің алдын кеспеген, сөзін бөлмеген, құрмет көрсеткен. Бірақ құрмет пен құлдықтың арасы бір-ақ тұтам екенін де жақсы білген. Сол шекара бүгін көмескі жарты бара жатқандай. Қызметтегі кейбір жастардың бойынан еңбектің емес, ебінші алға шығып кеткенін көресің. Қабілет пен білімнің емес, кабинетке жақын жүрудің қадірі артқандай әсер қалдырады. Кейбірі башының айтқан әр сөзін даналыққа балап, әр қадамын ерлікке теңеп жатады. Жиында айтылған әзілге өзгеден қатты күледі. Әлеуметтік желіде башының суреті шықса, бірінші болып пікір жазуға асығады. Қызмет бөлімсе жанынан табылады. Марапат берілсе маңынан табылады. Сапар болса қасынан табылады. Ал жұмыс ауырып, жауапкершілік көбейген тұста көбі көзге түспей кетеді.

Қазақ мұндай мінезді бұрыннан таныған. Тіпті оған ат та қойған. Жағымпаз, жылпос, жылмиған, майда тілмен маңайлайтын жан деп сипаттаған. Ел арасында «Жағымпаздың жаны жоқ» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Абай да мұндай мінезден қазақты талай

сақтандырған. Ол бесінші кара сөзінде «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деп ұлттың бойындағы кеселдерді тізіп береді. Сол мақтан мен өтіріктің арасында жағымпаздықтың да көлеңкесі жатыр. Отыз тоғызыншы кара сөзінде ел ішіндегі күнделікті пен мансап үшін арын саудалауға дейін баратын мінездерді күйіне жазады. Абайдың күйінуі бүгін де өзекті екеніне әрдайым көз жетіп келеді.

Ұлы ақынның «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деген сөзі де тек татулық жайлы емес. Ол адамның адамды мансабы үшін емес, кісілігі үшін бағалауын меңзейді. Біз кейде адамның қызметіне қарап құрмет көрсетеміз де, қызметі кеткен күні өзімен бірге сәлемімізді де ала кетеміз.

Шәкәрім де арды мансаптан биік қойған. Оның түсінігінде ар кеткен жерде адамдық та жоғалады. Қызмет үшін кішірейіп, орын үшін иіліп, мансап үшін мінезін айырбастаған жан ертен өзін де жоғалтады.

Менке бидің «Заманның түлкі болса, тазы боп шал» деген сөзі жиі айтылады. Бірақ сол сөзді көпшілік айлакерлікке рұқсат бергендей қабылдайды. Ал бидің айтпағы заманның қулығына жұтылып кетпе, ақылыңды қолдан деген ескерту болса керек. Өкінішке қарай, бүгінде кей жастар ақылын емес, айласын шындалуға көбірек күш жұмсайтын секілді. Бір мекемеде жылдар бойы үнсіз еңбек етіп жүрген маман болады. Оның аты жиында сирек аталады. Ол әлеуметтік желіде де белсенді емес. Бірақ жұмысы сөйлеп тұрады. Ал енді біреу бар, кабинеттен кабинетке кіріп шығып, әр мерекеді құттықтаудың басында жүреді, әр башының көңілін табуын жолын жақсы біледі. Уақытша жеңіс көбіне осылардың жағында сияқты көрінеді.

Бірақ уақыттың өз таразысы бар. Жағымпаздық ешқашан ұзаққа апармайды. Бүгінгі башы ертең орнында отырмауы мүмкін. Ал адамның аты мен абыройы өмір бойы бірге жүреді. Қызмет ауысады. Кабинет өзгереді. Бірақ елдің есінде кімнің қалай жүргені қалады.

Қазақ «Тура биде туған жоқ, туғанды биде



иман жоқ» деп бекер айтпаған. Әлілдікке сүйенген ел ғана өседі. Ал жағымпаздық жайлаған ортада талант тасада қалады. Еңбек еленбейді. Қабілет кейін шегінеді. Сондай жерде жастардың бойында білімге емес, билікке жақындауға деген құмарлық пайда болады. Бұл қоғам үшін қауіпті белгі.

Өйткені ертенгі мемлекет бүгінгі жастардың қолында болады. Егер бүгінгі жас қызметке жетудің жолы маңдай терімен, маңайлай жүру деп түсінсе, онда ертенгі ұрпаққа қандай үлгі қалмақ. Қазақ баласы ежелден сөзге тоқтаған халық. Сондықтан жастарға айтылар сөз де ауыр емес, анық болуы керек. Жуырда әлеуметтік желіде мына бір тіркесті көзіміз шалып қалды, қалымыз бұзбай, назарыңызға ұсынайық.

Басшыға құрмет көрсет. Бірақ басынды сатпа.

Ұстазыңды сыйла. Бірақ ойынды жоғалтпа.

Қызметке ұмтыл. Бірақ арыңды айырбастама.

Өйткені мансап адамды биіктетпейді. Адам мансапты биіктетеді.

Бір күні кабинет есігі жабылады. Лауазым өзгереді. Қызметтік көлік басқа адамға беріледі. Хатшы басқа есімге телефон соғады. Сол күні адамның қасында жағымпаздықпен жиналған жұрт та сиреп қалады. Ал адал еңбекпен келген абырой ғана иесін тастап кетпейді.

Ақназар ҚАЛИЕВ

ӘР КОСТЮМ — ШЕБЕРДІҢ ҚОЛТАҢБАСЫ



Басы 1-бетте

Алайда он саусағынан өнер тамған Әсел әртүрлі ертегі кейіпкерлеріне «жан бітіріп» келеді. Әселдің бұл салаға қалай келгенін айтпас бұрын, аниматор ұғымының шығу тарихына тоқталсақ. Кейінгі жылдары трендке енген аниматорлар XX ғасырдың екінші жартысында Францияда бой көрсете бастаған. 1950-1960 жылдары Франциядағы курорттар мен демалыс кешендерінде демалушылардың бос уақытын қызықты өткізу үшін арнайы қызметкерлер жұмыс істей бастады. Олар ойындар ұйымдастырып, жарыстар өткізіп, би кештерін жүргізеді. Бұл қызметкерлерді қоғам французша amateur (жан бітіретін, белсендіруші) деп атады. Кейін бұл тәжірибе Жерорта теңізі елдеріне, әсіресе Испания, Италия, Түркия және Грекиядағы қонақүйлерге тарады. Ондағы аниматорлар ересектермен қатар балаларға да ойын-сауық бағдарламаларын өткізетін болды. 1970-1980 жылдары балаларға арналған жеке анимациялық бағдарламалар пайда болды. Кейіпкерлердің (клоун, ханшайым, қарақшы, суперқаһарман және т.б.) киімін киіп, туған күндер мен мерекелерді жүргізу кең тарала бастады. 1990 жылдардан бастап бұл қызмет АҚШ, Ресей, Қазақстан және басқа елдерде жеке мерекелік индустрияның бір бөлігіне айналды. Бүгінде балалар аниматоры тек ойын жүргізуші ғана емес, белгілі бір ертегі немесе мультфильм кейіпкерінің образын сомдайтын актер ретінде жұмыс істейді.

Әселдің «сүйкімді кейіпкерлердің»



киімін тігіп бастауына қызы себепші болған. Кішкентай кестетігерінің туған күніне ерекше сыйлық дайындағысы келген ол осы бағытта білім алғанын айтады.

– Бала күнімнен колөнерді жақсы көремін. Алайда сала бойынша таңдалған мамандығым басқа болды. Мемлекеттік мекемеде мамандығым бойынша бір жыл ғана жұмыс істедім. Кейін отбасылы болып, ана атанған соң үйде отырып, колөнермен айналыса бастадым. Қандай тапсырыс түссе де, ешқайсысынан бас тартпай, жасай бердім. Кейін қызымның туған күнін ерекше өткізу мақсатында «аниматор киімін тігу» сабағын онлайн форматта үйреніп, ойындағыдай сапалы тігіп шықтым. Сол кездегі қызығушылықпен басталған кішкентай кадам мені тұрақты түрде кәсіп жүргізуге алып келді. Бір костюмді толықтай тігіп шығуға екі-үш күн уақыт арнаймын. Ал жаңа аниматор жасап шығуға 4-5 күн жетіп қалады, – дейді Әсел Тәжімбетова.

Зерттеулерге сүйенсек, кәсіби тігіншілердің саусақтары жоғары сезімталдығымен ерекшеленеді екен. Олар матаның түрін, қалыңдығын, тіпті сапасын көбіне қолмен ұстап-ақ ажырата алады. Осы орайда Әселден киім тіккенде қандай дүниеге баса назар

аударатынын, қандай маталарды жиі қолданатынын сұрадық.

– Маталардың сапасы жақсы болуын жиі қадағалаймын. Әсіресе, созылып немесе сөгіліп кетпейтін, көзге бірден түсетін, денеге қолайлы маталарды таңдағанды жақсы көремін. Сол себепті мех, плюш секілді маталарды жиі сатып аламын. Ал кейіпкердің бейнесін жасағанда көбіне бет бөлшектері әдемі болуына, жылы жүзбен күлімсіреп, адамды тартып тұруына мән беремін. Көбіне тапсырыс берушінің талғамына құрметпен қарап, өз ойындағыдай әзірлеуге тырысамын. Тұтынушының идеясы мен менің ұсынысым біріккенде тамаша туындылар дүниеге келеді. Қазіргі таңда авторлық бағыттағы аниматор шығарып жатырмын. Сол авторлық аниматорды толық тігіп бітіру – басты жұмысым, – дейді жас кәсіпкер.

Тігіншілік – шығармашылық пен дәдіктің үйлесімі. Тігінші тек тігуді ғана емес, математика, геометрия және композиция негіздерін де қолданады. Себебі киім пішу кезінде әр миллиметрдің маңызы бар. Әселмен тілдесу барысында қай кейіпкердің костюмін тігу қиын болғанын сұрадық.



– Тұтынушыларға ерекше ұнағаны аюдын костюмі болды. Осы кейіпкердің образын сұрайтындар көп. Пупсидің (гендер пати кешіне шақыратын) костюмін тігу барысында көзін келтіре алмай, сәл қиналғаным бар. Мен костюмнің бәрін үйде отырып тігемін. Түскі уақытта кішкентай баламды ұйқыға жатқызып, тігінге кірісемін. Алайда киімді толықтай бітіруге ұзақ уақыт қажет. Әр бөлігін ыждақаттап отырғанда балам да оянып кетеді. Асыққан істен жақсы нәтиже шықпайтынын білемін. Сол үшін тігінді түнгі ұйымды бөліп, толық аяқтағанша жалғастырып тіге беремін, – дейді Ә.Тәжімбетова.

Қазіргі кезде анимациялық фильмдер мен танымал кейіпкерлердің көбеюі, отбасылық мерекелерді кәсіби ұйымдастыру индустриясының дамуы аниматорларға деген сұранысты көбейтуде. Әсіресе, аю мен қоян, Лабубу, Куроми, Лол секілді мульткейіпкерлерге балалардың қызығушылығы жоғары екен.

– Қандай да бір істі қолға алғанда, ниет етіп, қорықпай бастау керек. Табандылық пен өз ісіне деген ынта табыс табуда тұрақтылыққа алып келеді. Қазір жыл он екі айдың кейіпкерлеріне сұраныс түсіп жатыр. Осы бағытта жаңаша идеямен жұмыс жасау ойда бар. Егер маған кез келген ертегі немесе мультфильм кейіпкерінің костюмін тігу мүмкіндігі берілсе, Лол атты қуыршақты таңдар едім. Себебі бұл кейіпкер өте сүйкімді, адамды бір көргеннен-ақ өзіне тартып тұрады, – дейді Ә.Дүйсенбекқызы.



Аралда өнеркәсіп өркендеп келеді

Апта басында Арал аймағынан ақжолтай хабар жетті. Бір күнде екі зауыт ашылып, жергілікті жұрт жаңа жоба жайлы жарыса жаза бастады. Түйе сүтінен ұнтақ шығару зауыты мен ас тұзын өндіретін цехтың іске қосылуы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған игі бастама екені анық.

Арал халқы үшін түйе сүті – құнарлы өнім ғана емес, дертке дауа сусынның бірі. Төрт түлікті қадірлейтін мұндағы жұрт енді шұбат шығарып қана қоймай, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ алуды жолға қоюда. Сөзіміздің дәлелі – жылына шамамен 400 тонна өнім өндірілетін ж а н а

Түйе сүтін құрғақ ұнтаққа айналдыру үшін күніне 20 мың литр сүт қажет



зауыт. Айта кетейік, мұнда 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл зауыттың тың әрі озық бастама екенін аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлы ерекше атап өтті.

– Баршаңызды аймағымыз үшін маңызды жобалардың бірі – түйе сүтінен ұнтақ шығару зауытының ресми ашылуымен құттықтаймын! Бұл өңір экономикасының дамуына тың серпін, еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға мол мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек, – деген болатын. Осы ретте аймағымызда ірі инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асуда. Соның бірі – 3 млрд теңгеге салынған «Қазақ Көмел» компаниясының түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау зауыты. Жалпы, елімізде түйе сүтін өндіретін кәсіпорындар бар болғанымен, өнеркәсіптік деңгейде құрғақ ұнтақ өндіретін зауыттар өте аз. Сондықтан бұл – бірегей әрі маңызды бастама, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Түйе сүтін құрғақ ұнтаққа айналдыру үшін күніне 20 мың литр сүт қажет

Кәсіпкерлікке қадам: табысқа бастайтын бес кеңес

Өз кәсібін бастау – жауапкершілігі мол әрі үлкен мүмкіндікке жол ашатын қадам. Бастапқы кезеңде дұрыс жоспар құрып, нарықты зерттеп, қаржыны тиімді басқару кәсіптің табысты болуына ықпал етеді. Төмендегі бес кеңес кәсіп бастайтын жандарға пайдалы болады деген үмітпен ұсынып отырмыз.

- 1. Нарықты зерттеңіз**
Кәсіпті бастамас бұрын қандай өнім немесе қызмет ұсынатынынызды және оған сұраныстың бар-жоғын анықтаңыз. Бәсекелестердің жұмысын талдап, тұтынушылардың қажеттілігін зерделеу болашақта дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.
- 2. Нақты бизнес-жоспар жазсаңыз**
Бизнес-жоспар – кәсіптің даму

бағытын айқындайтын негізгі құжат. Онда мақсат, қаржылық есеп, маркетингтік стратегия және алдағы жоспарлар қамтылуы тиіс. Жоспар жұмысты жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді.

- 3. Қаржыны ұқыпты басқарыңыз**
Бастапқы капиталды орынды жұмсау – табыстың басты кепілдерінің бірі. Кіріс пен шығысты тұрақты есепке алып, қажетсіз шығындарға жол бермеңіз. Қаржылық тәртіп кәсіптің тұрақты дамуына негіз болады.

- 4. Сапа мен тұтынушы сеніміне мән беріңіз**
Тұтынушының көңілінен шығатын сапалы өнім немесе қызмет ұсыну – тұрақты клиент қалыптастырудың ең тиімді жолы. Клиенттердің пікірін ескеріп, қызмет көрсету мәдениетін жетілдіріп отырған жөн.

- 5. Үнемі дамып, жаңа білім алыңыз**

Кәсіпкерлік орта үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан жаңа технологияларды меңгеріп, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, тәжірибелі кәсіпкерлердің тәжірибесін зерделеу маңызды. Үздіксіз ізденіс кәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

P.S. Кез келген табысты кәсіп кішкентай қадамнан басталады. Жоспарлы жұмыс, қаржылық сауаттылық, сапаға деген жауапкершілік және үздіксіз даму кәсіпкердің ұзақ мерзімді жетістікке жетуіне негіз қалайды. Ең бастысы – қиындықтардан қорықпай, әр тәжірибеден сабақ алып, алға ұмтылу.

Дұрыс пайдалана алған жан үшін әлеуметтік желі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, тұрақты табыстың көзі. Олар бизнестің жаңа сауда кеңістігіне айналып, кәсіпкерлер мен тұтынушыларды бұрыңғыдан да жақындата түсті. Сарапшылар бұл құбылысты Social commerce деп атайды. Бұл дегеніміз – бизнесті базарға бармай-ақ жүргізе аласың деген сөз.




БИЗНЕСТІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ — SOCIAL COMMERCE

Social commerce – қазір кең таралған трендтің бірі. Бұл – әлеуметтік желі арқылы тауар мен қызметті жарнамалау ғана емес, оларды сол платформада сату үдерісі. Яғни тұтынушы өніммен танысып, пікірлерді оқып, сатушымен байланысып, тапсырыс беріп, кей жағдайда әлеуметтік желіден шықпай-ақ төлем жасай алады.

Кейінгі жылдары бұл бағыттың қарқынды дамуына смарт-фондардың кеңінен қолданылуы, қысқа бейне-форматтардың танымал болуы және инфлюенсер маркетингтің ықпалы көп болды. Бүгінде сатып алушы белгілі бір тауар туралы ақпаратты интернет-дүкеннен емес, алдымен Instagram немесе TikTok желілерінен іздейтін жағдай жиіледі.

Social commerce дәстүрлі электрондық коммерциядан бірнеше ерек-



шелігімен басып озу-да. Егер классикалық e-commerce тұтынушыны компанияның сайтына немесе маркетплейске бағыттаса, әлеуметтік коммерцияда сатып алу процесі әлеуметтік желінің өзінде жүзеге асады. Бұл уақытты үнемдеп қана қоймай, сатып алушының шешім қабылдауын да жеңілдетеді. Кәсіпкерлер үшін бұл модельдің мүмкіндігі мол. Әлеуметтік желілерде аудиториямен тікелей байланыс

орнатуға, тұтынушылардың пікірін жедел алуға және өнімді мақсатты аудиторияға ұсынуға болады. Сонымен қатар шағын және орта бизнес үшін қомақты қаржы жұмсамай-ақ онлайн сауда бастауға болады.

Дегенмен әлеуметтік коммерцияның өзіндік тәуекелі де бар. Бизнестің әлеуметтік желі алгоритмдеріне тәуелді болуы, бәсекелестіктің күшеюі кәсіпкерлерден сапалы контент, тұрақты байланыс

және тиімді маркетингтік стратегия талап етеді.

Қазір Қазақстанда да әлеуметтік желілер арқылы сауда жасау қарқынды дамып келеді. Әсіресе, шағын кәсіпкерлер Instagram, TikTok және WhatsApp-ты өнімдерін таныстыру мен сату алаңына айналдырған. Бұл үрдіс цифрлық экономиканың дамуына ықпал етіп, жаңа бизнес-модельдердің қалыптасуына жол ашуда.

Сарапшылардың пікірінше, алдағы жылдары әлеуметтік коммерцияның ауқымы одан әрі кеңейе береді. Себебі жасанды интеллект негізіндегі жеке ұсыныстар, тікелей эфир арқылы сатылым және әлеуметтік желілердегі кіріктірілген төлем жүйелері бұл бағыттың дамуын жеделдеті түседі.

Қазіргі таңда Social commerce – жай ғана маркетинг құралы емес. Бұл тұтынушының мінез-құлқы мен бизнестің жұмыс тәсілін өзгертетін маңызды экономикалық үрдіске айналды. Сондықтан жаңа бағытты тиімді пайдалану кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады анық.

ТЕҢІЗ ЖҰЛДЫЗЫ

ЖАЙЛЫ...

Теңіз жұлдызы атауына қарамастан балық қатарына жатпайды. Бұл тіршілік иесінің біз көріп үйренген жануарлардан айырмашылығы жер мен көктей. Оларда ми да, тіпті қан да жоқ. Осы орайда «олар қалай өмір сүреді?» деген сұрақ туады. Зерттеушілердің айтуынша, олардың жүйке жүйесі өте күрделі. Ол қоршаған ортаны сезінуге және қимыл-қозғалысты басқаруға мүмкіндік береді. Ал қанның орнын кәдімгі теңіз суы алмастырады. Арнайы жүйе арқылы суды денесіне айдап, қажетті коректік заттар мен оттегіні ағзасына таратады. Мидың жоқтығына қарамастан олар тіпті оқи да алады.

Зерттеуші Джулия Нотар оларда өңдеу орталығының жоқ екенін айтады. Әрбір жүйке кластері тәуелсіз әрекет ете алады.

Теңіз жұлдыздарының көзі қайда орналасқан деп ойлайсыз? Олардың көздері басында емес, әр сәуленің ұшында орналасқан. Әрине, бұл көздер анық көре алмайды, бірақ жарық пен қараңғыны тамаша ажыратады. Бұл оларға қараңғы мұхит түбінде бағыт-бағдар алып, қауіптен қашуға көмектеседі. Ал олардың қозғалысы – бөлек зерттеу тақырыбы. Сырт көзге қимылдамайтын жансыз көрінгенімен, денесінің астында мыңдаған кішкентай аяқ болады. Осы аяқтар арқылы олар тастардың үстімен баяу жылжып, тіпті тік жартастарға еш қиындықсыз өрмелеп шыға алады. Бір қызығы, кейбір жылдам түрлері минутына бірнеше метрге дейін арақашықтықты бағындыра алады.

Ғалым Фредерик Хокчкыздың сөзіне сәйкес, теңіз жұлдызының таңғажайып қасиеті – оның регенерация, яғни қайта қалпына келу қабілеті. Егер оның бір сәулесін жыртқыш тістеп алса немесе

Аспанға қарап, жылытыр еткен жұлдызға тамсанамыз. Ал егер сол жұлдыздардың кейбірі аспаннан сырғып түсіп, мұхиттың түпсіз тереңіне қоныстады десек, сенесіз бе? Сұлулығымен көз арбайтын, сырымен таңғалдыратын бұл таңғажайып тіршілік иесі – теңіз жұлдызы. Олар – су асты әлеміндегі жұмбақ, ерекше тұрғындарының бірі. Жер шарында олардың 2000-ға жуық түрі кездеседі. Түстері де алуан. Сырттан қарағанда өте нәзік, қозғалыссыз көрінгенімен, олардың өмір сүру қабілеті сізді бейжай қалдырмас.

зақымданса, уақыт өте келе оның орнына жаңасы өсіп шығады. Кей түрі тіпті жұлынып қалған қолдан тұтас жаңа дене құрап, қайта тіріліп кете алады. Құлды бір сиқыр дерсің.

Оның қоректену әдісі де адам айтса сенгісіз. Теңіз жұлдыздары ұлулармен, маржандармен қоректенеді. Қатты қабыршақты ашу үшін олар өздерінің бұлшықет қолдарын пайдаланып, олжасын қысып ұстайды. Қабыршақты сәл ғана ашқан соң, теңіз жұлдызы асқазанын аузынан сыртқа қарай шығарып, олжасын сыртында қорыта бастайды. Ас қорыту процесі аяқталған соң, асқазанды қайтадан денесінің ішіне тартады. Мұндай сыртқы ас қорыту жүйесі басқа жануарларда өте сирек кездеседі.

Бұл тіршілік иелерінің пішіні де әртүрлі. Әдетте біз бес бұрышты жұлдызды елестетеміз, бірақ табиғатта 10, 20, тіпті 40-қа жуық сәулесі бар түрлері де кездеседі. Мысалы «тіккенді тәж» деп аталатын түрі өзінің көп қолымен және улы тікендерімен танымал.

Сондай-ақ теңіз жұлдыздары су асты экожүйесінде маңызды рөл атқарады. Олар экожүйенің санитарлары ретінде танымал. Өйткені мұхит түбіндегі органикалық қалдықтар мен ұсақ жәндіктердің санын реттеп, теңіз ортасының тазалығы мен тепе-теңдігін сақтауға септігін тигізеді. Мисыз-ақ тіршілік ететін, қаны жоқ болса да қозғалатын бұл жануар жер бетіндегі өмірдің алуан әрі жұмбақ екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Мұхит түбіндегі осы бір кішкентай жұлдыздар бізге беймәлім су асты әлемінің әлі де талай құпиясы бар екенін еске салып тұрғандай.

Мейір НИЕТ

УАҚЫТ НЕГЕ ТЕЗ ӨТУДЕ?

Жаздың аптап ыстыққа толы күндері де жылдам өтуде. Өне-міне дегенше, жаздың жартысы түгесілді. Түн қысқарып, күн ұзарған кезде де жұрт уақыттың жетпейтінін жиі айтып жүр. «Тез үлкен болсам екен» дейтін бала кезде өтіп болмайтын уақыт, есейгенде зырғытындай әсер беруде. Расында бұрынғымен салыстырғанда уақыт қысқарды ма?! Өлде...



2020 жылы ғалымдар Жердің әдеттегіден жылдамырақ қозғала бастағанын байқаған. Бұл тосын құбылыстың бір себебі ретінде атмосферадағы өзгерісті атап көрсеткен. Мәселен, ауа қабатында шығыстан соққан жел күшейетін болса, батыстан шығысқа қарай атмосфера ағыны баяулайды. Ал жер қозғалысы керісінше жеделдейді деп болжам жасаған.

Зерттеушілердің келесі тобы мұны жаһандық жылынудың белгісі деп есептейді. «Мұздықтардың еріген алып бөліктері суды тасытуда, есесіне бұл ғаламшардың қозғалыс физикасына ықпал етеді» дейді мамандар. Не десек те, әлі күнге дейін алты жыл бұрын жердің 3 минутқа тезірек қозғалуына ешкім нақты жауап тапқан жоқ. Алайда геофизиктер Жердің қозғалысына аз-аздан қарқын қосуы осыдан он жыл бұрын басталғанын айтады. Бір қызығы, жыл сайын уақыт кестесінде тәуліктің миллисекундқа болсын қысқаратыны белгілі болған.

«Таң атса болды, кеш батты» деген тіркес көп адамның сөздік қорында бар. Жас ұлғайған сайын уақыттың тез өтіп жатқандай көрінуінің бірнеше ықтимал себебі бар. Алдымен ең танымал идеялардың бірі пропорционалдық теориясына тоқталсақ. Психологтардың пікірінше, әрбір жаңа жыл өміріңіздің барған сайын кішірек бөлігін құрайды. Сондықтан уақыт субъективті түрде жылдамырақ өткендей әсер қалдырады. Мысалы, 10 жаста бір жыл өміріңіздің 10%-ын құраса, 40 жаста ол небәрі 2,5%-дан аспайды. Сондықтан ми оны салыстырмалы түрде қысқалау кезең ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл теория интуитивті болғанымен, оны толық дәлелдейтін нақты биологиялық механизм анықталмаған.

Ғылыми зерттеулер мидың жаңа, ерекше оқиғаларды әлдеқайда егжей-тегжей сақтайтынын көрсетеді. Ал күнделікті қайталанатын істер есте аз қалады. Сондықтан артқа қарағанда жаңа әсерлерге толы кезең ұзақ болғандай, ал бірсарынды кезең қысқа болғандай сезіледі.

Зерттеулер көрсеткендей, уақытты қабылдау эмоция мен назарға тәуелді. Мысалы, қызықты іспен айналысқанда уақыт «ұшып өтеді». Қауіпті немесе күтпеген жағдайда уақыт баяулағандай сезілуі мүмкін, өйткені ми сол сәтке ерекше назар аударады. Жұмыс, отбасы, күнделікті міндеттер де адамның уақытты сезінуіне әсер етеді. Бір істен екіншісіне асығып жүргенде апта мен ай өте жылдам өткендей болады.

Мамандар уақыттың баяу өткенін көбірек сезіну үшін жаңа дағдыларды үйренуге, жаңа ізбен жүруге немесе таныс емес орындарға баруға, күнделікті өмірге өзгерістер енгізуге кеңес береді.

Бір байқағанымыз, Жер қозғалысы қарқын косса да, уақыттың өзі өзгермейді. Өзгеретіні – біздің миымыздың уақытты қабылдау және есте сақтау тәсілі ғана. Сондықтан жас ұлғайған сайын уақыттың «жылдамдап кеткендей» көрінуі қалыпты психологиялық құбылыс саналады.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ



«СОСА-COLA»:

ДҮНИЕЖҮЗІНЕ ТАРАҒАН БРЕНД

Бүгінде әлемнің қай түкпіріне барсаңыз да, бұл сусынды танымайтын адам жоқ шығар. Біреу үшін ол балалық шақтың дәмі болса, енді бірі үшін мерекелік дастарқанның ажырамас бөлігі. Десе де дәрігерлер бүгінде тұтынуға ұсынбайтын «Coca-Cola»-ның алғашында шөл қандыратын сусын емес, дәріхана сөресінде сатылған емдік дәрі болғанын білесіз бе?

Сусынды ойлап тапқан адам – америкалық фармацевт Джон Пембертон. Азамат соғысында ауыр жаракат алғаннан кейін ол аурудың азабын басу үшін морфийді жиі қолдануға мәжбүр болып, уақыт өте келе есірткіге тәуелділіктен арылудың жолын іздей бастайды. Осы ізденістің нәтижесінде ол алғашында шарап пен сол кезеңде тыйым салынған заттар қатарына енген кокаин негізінде дайындалған алкогольді сусынның бірнеше үлгісін жасап көреді. Алайда 1885 жылы Джорджия штатының бірқатар өңірінде «құрғақ заң» күшіне еніп, Пембертон үшін кедергі туғызды. Сол үшін ол өз тәжірибесін жаңа арнаға бұрып, алкогольсіз құрамдарды сынақтан өткізіп, кейін әлемге кеңінен танылған сусынның негізін қалаған жаңа рецептураны іздестіруге кірісті.

Алғашқы дайындалған қоспа дәріханада бір стаканға бес центтен сатылды. Оның құрамында кока жапырағының сығындысы мен кола жаңғағының экстракты болды. Дәл осы екі өсімдіктің атауы бірігіп «Coca-Cola» деген атау пайда болды. Кейінірек кездейсоқ шәрбатқа газдалған су қосылып кетеді. Жаңа дәм жұртшылыққа ерекше ұнап, емдік өнім бірте-бірте сергіткіш сусын ретінде таныла бастайды. Осылайша адамзат тарихындағы ең әйгілі брендтердің бірі өмірге келді.

Қызығы, бүгінде «Coca-Cola» рецепті әлемдегі ең құпия формулалардың бірі саналады. Компания нақты құрамын жарияламайды. Тіпті бұл құпия арнайы қорғалған сейфке сақталатыны жөнінде түрлі дерек айтылады. Рецепттің толық нұсқасын санаулы адамның ғана білетіні туралы аңыз да осыдан шыққан. Әрине, бұл компанияның маркетингтік стратегиясының бір бөлігі болғанымен, құпия формула туралы әңгімелер брендтің тартымдылығын арттыра түсті.

«Coca-Cola» төңірегінде таралған ең қызық мәліметтердің бірі оның түсіне қатысты. Көпшілік сусынның қоңыр түсі жасанды бояулардың арқасында пайда болады деп ойлайды. Шын мәнінде, қазіргі «Coca-Cola»-ның классикалық нұсқасына қоңыр реңк беру үшін негізінен карамель бояуы (E150d) қолданылады. Бұл тағам өнеркәсібінде кеңінен пайдаланылатын кәдімгі карамельден алынатын бояғыш.

Дегенмен әлемде жәндіктерден алынатын табиғи қызыл бояу расымен де бар. Ол кармин деп аталады және ұсақ қошениль жәндігінен өндіріледі. Кармин көптеген кәмпит, йогурт, шырш, косметикалық өнімдердің және кей сусынның құрамында кездеседі. Осыған байланысты әлеуметтік желілерде «Coca-Cola-ның түсі жәндіктен алынады» деген пікір кең таралған. Алайда бұл мәлімдеме классикалық «Coca-Cola»-ға қатысты шындыққа сәйкес келмейді. Компанияның ресми мәліметіне сәйкес, оның дәстүрлі сусынында кармин қолданылмайды. Бұл мысал ақпаратты тексерудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Бір өнімде қолданылатын ингредиент екінші өнімге де міндетті түрде пайдаланылады деген жансақ пікір.

«Coca-Cola» тарихындағы тағы бір қызық дерек – оның алғашқы жылдары құрамында кока жапырағының табиғи сығандысы болғаны. Сол кезеңде бұл заңмен шектелмеген еді. Алайда XX ғасырдың басында заңнамалар өзгеріп, компания өнім құрамынан есірткілік қасиет беретін заттарды толық алып тастады. Қазіргі «Coca-Cola»-ның құрамында мұндай заттар жоқ.

Брендтің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі де ерекше. Мысалы, бүгін біз білетін қызыл киімді, ақ сақалды Аяз атаның бейнесін дәл «Coca-Cola» ойлап тапты деген пікір кең таралған. Негізінде, Аяз ата бұған дейін де әдебиетте, суреттерде және жарнамаларда кездескен. Бірақ 1930 жылдардағы «Coca-Cola» жарнамалары осы бейнені бүкіл әлемге кеңінен танытып, оның қазіргі қалыптасқан келбетін танымал етуге зор ықпал етті. Сондықтан бұл компания жаңа кейіпкер жасаған жоқ, керісінше бұрыннан бар образды жаһандық символға айналдырды деуге болады.

P.S.Қанша жерден танымал, әрі дәмді болса да газдалған сусынды мөлшермен тұтынған жөн.

Қорлан САРЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі